

Қарағанды облысының аумағында "Бұйратау" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесінің қорғау аймағын белгілеу туралы

Қарағанды облысы әкімдігінің 2012 жылғы 2 қарашадағы N 56/02 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 26 қарашада N 1988 тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, қолайсыз сыртқы әсерден "Бұйратау" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемені ерекше күзету мен қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарағанды облысының аумағында Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Бұйратау" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" (бұдан әрі - ұлттық парк) республикалық мемлекеттік мекемесінің шекарасының аумағында жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алмай және жер санатын өзертпей, жалпы аумағы 9003,2 гектар, ені екі шақырымнан кем емес қорғау аймағы;

ұлттық парк шекарасының периметрі бойынша қорғау аймағы шекарасы;

қосымшаға сәйкес ұлттық парктің қорғау аймағында табиғатты пайдалану режимі мен тәртібі белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысының әкімдігінің 12.11.2021 № 81/01 қаулысымен (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Қ.Қ. Айтуғановқа жүктелсін.

3. Қарағанды облысы әкімдігінің "Қарағанды облысының аумағында "Бұйратау" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесінің қорғау аймағын белгілеу туралы" қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі

Ә. Құсайынов

Қарағанды облысы әкімдігінің
2012 жылғы 02 қарашадағы
N 56/02 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Бұйратау" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" мемлекеттік мекемесінің қорғау аймағында табиғатты пайдалану режимі мен тәртібі

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Қарағанды облысының әкімдігінің 12.11.2021 № 81/01 қаулысымен (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

1. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Бұйратау" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" (бұдан әрі – ұлттық парк) республикалық мемлекеттік мекемесінің қорғау аймағында табиғи ресурстарды тұрақты пайдалануды қамтамасыз ететін жер пайдаланушылардың ұлттық шаруашылық қызметінің негізгі түрлеріне рұқсат беріледі.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысының әкімдігінің 12.11.2021 № 81/01 қаулысымен (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Ұлттық парктің қорғау аймағында жол берілмейді:

1) жаңа елді мекендер құруға және бар елді мекендерді кеңейтуге;

2) ұлттық парктің экологиялық жүйелеріне зиянды әсер ететін объектілерді орналастыруға, жобалауға, салуға және пайдалануға, жаңа технологиялар енгізуге;

3) өсімдіктер мен жануарлар дүниесі үшін зәрлі пестицидтер, улы химикаттар мен тыңайтқыштар қолданылатын ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығының интенсивті нысандарын енгізуге;

4) атмосфераға және ашық су көздері мен жер рельефіне ластаушы заттар шығаруға және сарқынды суларды төгуге, қалдықтарды орналастыруға;

5) пайдалы қазбалар өндіруге;

6) әуесқойлық (спорттық) және кәсіпшілік аң аулауға;

7) радиоактивті материалдар мен өнеркәсіп қалдықтарын көмуге;

8) парктің экологиялық жүйелерінің гидрологиялық режимін өзгертетін қызметке (бөгеттер, дамбалар, гидротехникалық құрылыстар және табиғи су ағынын тоқтатуға немесе азайтуға әкеп соғатын басқа да объектілер салуға);

9) жабайы жануарлар мен жабайы өсімдіктердің бөтен түрлерін жерсіндіруге;

10) ұлттық парктің экологиялық жүйелеріне зиянды әсер ететін басқа да қызметке тыйым салынады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қарағанды облысының әкімдігінің 12.11.2021 № 81/01 қаулысымен (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

3. Ұлттық парктің қорғау аймағының аумағында Парктің экологиялық жүйелерінің жай-күйіне теріс әсер етпейтін шаруашылық қызметтің мынандай әр түрлі нысандары жүзеге асырылуы мүмкін:

- 1) орман шаруашылығы қызметі;
- 2) мал жайылымы және шөп шабуды қоса алғанда, дәстүрлі жер пайдалану, сондай-ақ биологиялық сан алуандықты ұзақ мерзімді сақтау мен оның беріктігін қамтамасыз ету шеңберіндегі өзге де қызмет;
- 3) туристік және рекреациялық қызмет;
- 4) минералды суларды, жер астының жылы суларын және климаттық ресурстарды пайдалану;
- 5) кәсіпшілік және әуесқойлық (спорттық) балық аулау;
- 6) орман және дала өрттерін сөндіру жөнінде жердегі және авиациялық жұмыстарды жүргізу;
- 7) бүлінген жерлерді рекультивациялау;
- 8) орман және өзге де өсімдік қауымдастықтарын қалпына келтіру;
- 9) жабайы жануарлардың мекендеу ортасы мен санын қалпына келтіру;
- 10) жер учаскілерінде туристер болатын жерлерді жайластыру, өсімдіктер мен жануарлардың эндемикалық, сирек кездесетін және құрып бара жатқан түрлерін жасанды жолмен көбейту, өсіру, өндіру үшін питомниктер салу, ұлттық парк қызметкерлерінің тұруы үшін қызметтік үй-жайлар (кордондар) салу, оларға қызмет бабындағы жер үлестерін беру үшін пайдалану.

4. Ұлттық парктің қорғау аймағында осы қосымшаның 3-тармағында аталған қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде жануарлар мен өсімдіктер дүниесі объектілерінің мекендеу ортасын және көбею жағдайларын, жануарлардың қоныс аудару жолдары мен шоғырлану орындарын сақтау жөніндегі іс-шаралар көзделуге және жүзеге асырылуға, жабайы жануарлардың мекендеу ортасы ретінде ерекше құнды учаскілерге, сондай-ақ ұлттық парктің қорының өзге объектілеріне қол сұғылмауы қамтамасыз етілуге тиіс.